

ЖЕРДІҢ ЖҰМЫРЛЫҒЫ

Оқудан қайтты жас Сапар,
Тәрде отырған ақсақал
Орын берді қасынан.

– Не білдің, балам? Не хабар?
Жұлып алды жас Сапар
Тақияны басынан:

– Тыңдаңыз, міне, қария!
Жер деген – мынау тақия,
Тап осындай жұп-жұмыр,
Екі басы сопақ па?
Қараңыз енді Күн жаққа:
Лампы мынау – Күнің тұр.

Домалай ма?
Домалайд!
Құламай ма?
Құламайд!
Бұл осымен болды ма?!
– Тоқтат мынау шіркінді,
Басы жұмыр пенде енді
Жерді де жұмыр қылды ма?

– Жоқ, ата, бұл – жағырафия,
Міне, сізге тақия!
Сенбеуіңіз жарамайд.

Домалай ма?
Домалайд.
Құламай ма?
Құламайд,
Тап осындай домалайд!

– Мынаны қалай жұптейміз:
Біз неге құлап кетпейміз?
Домаланса, мұнысы не?

Сөздің қарашы қатасын!..
Құласаң, құлап жатасың!
Жердің онда жұмысы не?!